


| | | |
|---|---|---|
| O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 1 беті |

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
 медицина колледжі**

Симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар

Пән атауы: «Жалпы патология»

Мамандығы: 09120100- «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 -«Фельдшер»

Оқу түрі: күндізгі

Оқудың нормативтік мерзімі: 2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай.

Циклдар мен пәндер индексі: ЖКП 07

Курс: 1,2 курс

Семестр: II, IV семестр

Пәннің атауы: «Жалпы патология»

Қорытынды бақылау түрі: емтихан

Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ-72 сағат/3кредит

Аудиториялық – 20

Симуляциялық – 52

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»


«Морфологиялық пәндер» кафедрасы

№81-11-2024

«Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар

36 беттің 2 беті

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды және ұсынылды
хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.
Кафедра меңгерушісі Ерланхан А.Қ.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 3 беті |

№ 1 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Патология пәні, міндеттері және әдістері. Жалпы нозология. Жалпы этиология және патогенез. Реактивтілігінің дерттанудағы маңызы.

2. Мақсаты: біртектес дерттік үдерістер немесе патология түрлерін бағалауда және патологиялық қорытындылауда жалпы нозология түсініктерін пайдалануды үйрету, организм реактивтілігінің сыртқы және ішкі факторларының әсерін түсіндіруді үйрету; организм реактивтілігінің құрылуының негізгі механизмдерін түсіндіру.

3. Оқыту міндеттері

- дерттік үдерістердің және эксперименттік терапияның маңызын және мүмкіншіліктерін зерттеу;
- нозология туралы негізгі түсініктерді зерттеу;
- біртектес дерттік үдерістердің немесе нозологиялық түрлерінің патологиялық талдауында жалпы нозология туралы түсінік және сипаттарының қолдана алуы.
- реактивтілікті анықтайтын факторларды зерттеу;
- ауруды емдеу және алдын алуда реактивтіліктің бағыттама өзгерістерінің мүмкіншіліктерін зерттеу;
- организм реактивтілігінің құрылуының негізгі механизмдерін түсіндіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Патология пәні, міндеттері және әдістері.
2. Жалпы нозологияның негізгі түсініктері.
3. Этиология және патогенез.
4. Реактивтілік және резистенттілік.
5. Реактивтіліктің түрлері.
6. Иммунитет.


5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар


1. Патология пәні және мақсаттары; басқа да медициналық ғылымдарының арасындағы орны.
2. Патология пәнінің негізгі бөлімдері.
3. Патология пәнінің әдістері.
4. Эксперименттің маңызы. Медико-биологиялық эксперименттерді құрастырудың жалпы ұстанымдары және олардың нәтижелерінің интерпретациясы.
5. Жалпы нозологияның негізгі түсініктері.
6. Қалыптылық, денсаулық, ауру алды жағдай, ауру.
7. Аурудың кезеңдері. Аяқталуы. Толық және толық емес сауығу.
8. Этиология. Анықтамасы.
9. Себеп және жағдайдың ауру дамуындағы ролі және олардың өзара байланысы.
10. Аурудың негізгі экзогендік және эндогендік топтары.
11. Сыртқы орта факторларының әсерлері және жіктелуі.
12. Зақымдану патогенездің негізгі тізбегі ретінде.
13. Патогенездегі себеп-салдарлық арақатынастары.
14. Реактивтілік және резистенттілік. Түсініктердің анықтамасы.
15. Реактивтіліктің түрлері, олардың сипаттамасы.

| | | |
|--|--|---|
| OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 4 беті |


16. Реактивтілікті анықтайтын факторлар: генотиптің, жастың, жыныстың, конституцияның атқаратын рөлі.
17. Патологиялық реактивтілік. Анықтамасы. Сипаттамасы.
18. Ауруды емдеуде және алдын алуда индивидуалдық және топтық реактивтіліктің бағыттық өзгерісі.
19. Иммуитет, оның түрлері.

Тесттер

1. Ауру дамуындағы себебі мен себепкер жағдайлары туралы ілім ... деп аталады.
 - A) нозология
 - B) патогенез
 - C) этиология
 - D) патология
 - E) валеология
2. Патогенез – бұл ... ғылым.
 - A) ауру себептері мен даму жағдайлары жайлы
 - B) ауру туралы
 - C) аурудың даму механизмдері туралы
 - D) организм реактивтілігі туралы
 - E) организм тұқым қуалаушылығы туралы
- 3...патологияны эксперименталдық ғылым ретінде негізін қалаған.
 - A.Пашутин В.В.
 - B.Мечников И.Н.
 - C.Клод Бернар.
 - D.Павлов И.П.
 - E.Вирхов Р.
- 4.Патологияның негізгі зерттеу әдісі болып табылады:
 - A.жануарға жасалатын тәжірибе
 - B.адамға жасалатын тәжірибе
 - C.адамның ауруының пайда болуын оқу
 - D.ауру туралы статистикалық анализі
 ауруды инструмент арқылы зерттеу
- 5.Нозология – бұл ... ілім.
 - A.ауру туралы жалпы
 - B.аурудың пайда болу себептері туралы
 - C.аурудың пайда болу жағдайлары туралы
 - D.аурудың пайда болу тетіктері, дамуы және ақыр-соңы туралы
 - E.аурудан айығу туралы
- 6.Ауру ... сипатталады.
 - A.еңбекке қабілетінің төмендеуімен
 - B.толық физикалық, психикалық және әлеуметтік сәттілік жағдайымен
 - C.қалыптылық жағдайымен
 - D.үшіншінің жағдайымен
 - E.ауру алды жағдайының дамуымен
- 7.Ауру алды – бұл
 - A.денсаулық пен ауру арасындағы аралық жағдай

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 5 беті |

- В. дерттік үдерістің қарапайым түрі
 С. организмнің типтік дерттік серпілісі
 Д. аурудың бірінші сатысы
 Е. зақымдану мен бейімделу тетіктердің бірігуі
8. Биологиялық (түрлік) реактивтіліктің көрінісі ... болып табылады.
 А) мезгілдік анабиоз
 В) зооноздар
 С) қабыну
 Д) аллергия
 Е) антропоноздар
 F) жануарлардың мезгілдік миграциясы
9. Төмендеген арнайы патологиялық реактивтіліктің көрінісі ... болуы мүмкін.
 А) гуморалды аллергия
 В) иммунитет
 С) сілейме
 Д) иммундық тапшылық
 Е) иммундық депрессиялар
 F) жасушалық аллергия
 G) кома
 H) анабиоз
10. Реактивтілік – бұл
 А) біртұтас организмнің тіршілігін өзгерту арқылы сыртқы орта әсерлеріне жауап беру қасиеті
 В) организмнің тітіркендіргішке жауап беру әсерленісі
 С) тітіркендіргішке организмнің қорғаныстық әсерленісі
 Д) ауру тудыратын әсерлерге организмнің тұрақтылығы
 Е) организмнің бейспецификалық төзімділігі
11. Арнайы реактивтілік – бұл ... жауап беру қасиеті.
 А) антигендік тітіркендіргішке организмнің
 В) сыртқы ортаның әсеріне белгілі бір жануарлар түрінің
 С) сыртқы ортаның әсеріне бір түрге жататын тұлғалар тобының
 Д) физикалық факторлардың әсеріне организмнің белгілі бір жолмен
 Е) белгілі бір организмнің сыртқы орта факторларының әсеріне
12. Арнайы емес патологиялық реактивтілікке ... жағдайларға жатады.
 А) сілеймелік
 В) иммунитет тапшылықты
 С) иммунитет депрессивті
 Д) иммунно-пролиферативті
 Е) аллергиялық
13. Дизергия дегеніміз тітіркендіргішке организмнің ... жауабы.
 А) бұрмаланған
 В) төмендеген
 С) әлсіз
 Д) көтерілген
 Е) сәйкес
14. Әрбір организмнің ерекшелігі ... анықталады.
 А) Даралық реактивтілігімен

| | | |
|--|--|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 6 беті |

- В) жынысымен
 С) түрлік реактивтілігімен
 Д) конституциялық ерекшеліктерімен
 Е) топтық реактивтілігімен
15. Жануарлардың қысқы ұйқысы ... реактивтілікке жатады.
 А) түрлік
 В) топтық
 С) даралық
 Д) арнайы
 Е) дерттік

Жағдайлық есеп

Науқастың ІІ дәрижеде 25% денесі температуралық күйіктен жаракатталынды. Жағдайы ауыр. Науқас коздырылу, күрделі шөлдеу, пульсы жиы, жене оның кернеу мен толтыруы әлсіз. Қан қысымы 100/60 с.б.

Сұрақтар

1. Науқастың жағдайын қалай түсіндіруге болады?

Жағдайлық есеп

Антибиотикті инъекция түрінде жасап, 20 минуттан кейін, балтыр флегмонасымен аурыатын науқас шағым айтты: қорқыныш сезімі, мазасыздық, бетінің қызаруы, қан қысымы 180/90 мм с. б.

Ендігі 20 минуттан кейін науқастың жағдайы нашарлады: әлсіздік, есінің шатасуы, қалтырау, қан қысымы 75/55 мм с. б.

Сұрақтар

1. Пациентте қандай жағдай дамиды?
 2. Бұл жағдайда ем жолдары қандай?

№ 2 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Жасушаның жалпы патологиясы.

2. Мақсаты: жасуша деңгейінде дерттік үдерістердің пайда болу себептерін, даму және аяқталу механизмдерін талдау жасауды үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- жасушалық деңгейде зақымданудың анықтауы, түзету және алдын алу әдістері мен ұстанымдарын зерттеу.
- әр түрлі ауруларда цитоліздік синдроммен байланысты жағдайда білімін қолдана алу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Жасуша зақымдануы.
 2. Жасуша зақымдануының экзогенді және эндогенді факторлары.
 3. Жасуша зақымдануының біртектес тетіктері.


5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар


1. «Жасуша зақымдануы» деген түсінікке сипаттама беру.
 2. Жасуша зақымдануының экзогенді және эндогенді факторлары.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 7 беті |

3. Жасушаның қайтымды және қайтымсыз зақымдануындағы құрылымдық зат алмасулық, физика-химиялық және функционалдық өзгерістері.
4. Жасуша зақымдануының типтік механизмдері.
5. Жасуша зақымдануындағы бос радикалдардың және Ca^{2+} маңызы.
6. Апоптоз. Апоптоз себебі және механизмдері.
7. Жасуша зақымдануындағы адаптациялық серпілістер.

Тесттер

1. Ишемиялық зақымдануда жасушадағы иондар және судың тепе-теңдігі бұзылыстарының көріністеріне ... жатады.
 - A) K^+ жиналуы
 - B) Na^+ жиналуы
 - C) Cl^- деңгейінің төмендеуі
 - D) PO_4^- жиналуы
 - E) H^+ деңгейінің төмендеуі
 - F) Гипергидратация
 - G) HCO_3^- жиналуы
 - H) OH^- жиналуы
2. Апоптоз некроздан айырмашылығы –
 - A) жасушалық мембраналардың айқын зақымдануы дамиды
 - B) физиологиялық жағдайда «артық» жасушалардың жоюын қамтамасыз етеді
 - C) қабынуды қайталайды
 - D) жасушаның «бүрісуімен» бірге жүреді
 - E) механизмнің реализациясында лизосомды ферменттердің маңызы зор
 - F) апоптоз механизмінде цитозоль каспазасының маңызы зор
 - G) гендік түрде бағдарламаланған
3. Бос радикалдардан жасушаны қорғайтын заттарға ... жатады.
 - A) токоферолдар
 - B) екі валентті темір ионы
 - C) СОД
 - D) сульфатаза
 - E) пероксидаза
 - F) глюкоксидаза
 - G) витамин А
4. Жасушалық деңгейде зақымдануға ... жатады.
 - A) иммундық тромбоцитопения
 - B) глобиннің бета-тізбегіндегі глутамин қышқылының валинге ауысуы
 - C) вазопресиннің биосинтезінің бұзылуы
 - D) қан ұйығыштығының VIII факторының тұқым қуалайтын тапшылығы атриовентрикулярлық саңылаудың стенозы
5. Жасушалық деңгейде зақымдануға ... жатады.
 - A) мес жасушаларының дегрануляциясы
 - B) молекулалар мен атомдардың қозуы және иондануы
 - C) жүйке жүйесі қызметтерінің түсіп қалуы
 - D) дәнекер тіннің зақымдануы
 - E) ішкі секреция бездерінің белсенуі
6. Соматикалық жасушалардың ядросында екі Барр денешігі ... анықталады.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 8 беті |

- А) Х-трисомия синдромы бар науқаста дені сау еркекте
 В) Шерешевский-Тернер синдромы бар науқаста
 С) дені сау әйелде
 Д) Клайнфельтер синдромы бар науқаста
- 7.Қантты диабеттің инсулинге тәуелді түріне ... тән.
 А) Лангерганс аралшығында бета-жасушаларының антиденелермен зақымдалуы
 В) контринсулиндік гормондардың артық түзілуі
 стресс
 С) инсулиназаның жоғары белсендігі
 Д) инсулиннің плазма нәруыздарымен берік байланысуы
- 8.Жасуша ядросындағы жыныстық хроматиннің екі денешігі (Барр денешіктері) ... анықталады.
 А) Х-трисомия синдромында
 В) Клайнфельтер синдромында
 С) Шерешевский Тернер синдромында
 Д) қыз балалардағы Даун ауруында
 Е) ер балалардағы Даун ауруында
- 9.Хромосомалық ауруларға ... жатады.
 А) Клайнфельтер синдромы
 В) фенилкетонурия
 С) дальтонизм
 Д) гемофилия
 Е) Иценко-Кушинг синдромы
- 10 ... хромосомалық ауру болып табылады.
 А) Даун ауруы
 В) Микросфероцитарлік анемия
 С) Талассемия
 Д) Орақ тәрізді жасушалар анемия
 Е) Гирке ауруы

Жағдайлық есеп


Клиникаға түскен емізулі екі монозиготты егіздердің бауыр ұлғаюы анықталған, аш қарынға қан сарысуында көмірсу деңгейі төмендеген, адреналинді енгізгенде глюкоза деңгейі аздап қана көтеріледі, бауыр жасушаларында фосфоорилаза фктивтілігі төмендеген және гликоген мөлшері жоғарылаған.

Сұрақтар

- Егіздерде қандай дерттік үдеріс дамыды?
- Бұл дерттік үдерістің қандай себебі болуы мүмкін?
- Гепатоциттердегі берілген патологиялық түзілу механизмі қандай?
- Гепатомегалия, гипогликемия және адреналиннің әлсіз гипергликемиялық әсерінің даму тетігі қандай?

№ 3 Симуляцилық сабақ

1. **Тақырыбы:** Шеткері қанайналымының бұзылыстары. Лейкоздар.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 9 беті |

2. Мақсаты: ағзалық-тіндік қанайналым және микрогемодициркуляция бұзылыстарымен байланысты клиникалық және моделдеу жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- шеткері қанайналым және микроциркуляция бұзылыстарының клиникалық көріністерін және олардың патогенезін зерттеу;
- шеткері қанайналым және микроциркуляция бұзылыстарының негізгі түрлерінің жіктелуін түсіндіру.
- Лейкоз-этиологиясы мен патогенезін, клиникалық көріністері мен емін түсіндіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Артериялық және веноздық гиперемия.
2. Ишемия.
3. Тромбоз және эмболия.
4. Лейкоз.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Шеткері қанайналым және микроциркуляция бұзылыстарының түрлері.
2. Вазоконстрикция, вазодилатация механизмдері.
3. Компрессиялық және рециркуляторлық ишемия механизмдері.
4. Артериялық және веналық толыққандылықтың механизмдері
5. Ишемияның клиникалық механизмдері.
6. Артериялық және веноздық толыққандылықтың клиникалық көріністері.
7. Тромбоз. Тромбоэмболиялар.
8. Лейкоздар.

Тесттер

1. Артериялық гиперемияның негізгі тізбегі ... болып табылады.
 - А) қан келуінің көбеюі
 - В) жұмыс істейтін капиллярлар санының азаюы
 - С) қанның ағып кетуінің қиындауы
 - Д) қан ағымының сызықтық жылдамдығының жоғарылауы
 - Е) артериолалардың кеңеюі, қан ағып келуінің жоғарылауы
2. Веналық гиперемияның даму себебі ... болуы мүмкін.
 - А) әкелуші артерияның қысылып қалуы
 - В) ангиоспазм
 - С) әкелуші артерия саңылауының тромбпен бітелуі
 - Д) веналардың ісікпен басылып қалуы
 - Е) ұлпа жұмысының күшеюі
3. Компрессиялық ишемия ... пайда болады.
 - А) артериялардың тарылуында
 - В) артерияның жыртылуында
 - С) артериялардың тромбпен бітелуінде
 - Д) сырттан артерияның қысылып қалуында
 - Е) артериялардың эмболмен бітелуінде

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 10 беті |

4. Газдық алкалозды ... дамытады.

- A) өкпе гипервентиляциясы
- B) өкпе гиповентиляциясы
- C) қанайналым жеткіліксіздігі
- D) гиперкапния
- E) ауада көміртегі тотығының мөлшерінің артуы

5... жанама қанайналымның шынайы жеткілікті мөлшері болады.

- A) Бұлшық еттерде
- B) Көк бауырда
- C) Жүректе
- D) Бүйректе
- E) Бас миында

6. Веналық гиперемия – бұл ...

- A) қанның ағып кетуінің қиындауынан тіннің қанға толуының ұлғаюы
- B) қан ағып келуінің күшеюінен тіннің қанға толуының ұлғаюы
- C) қанның ағып келуі азаюынан тіннің қанға толуының азаюы
- D) қылтамырларда жергілікті қанайналымның тоқтауы
- E) қан айналымында бөгде заттардың болуы

7. Стаз – бұл

- A) қылтамырларда жергілікті қанайналымның тоқтауы
- B) ағзадан қан ағып кетуінің азаюы
- C) ағзаға қан ағып келуінің азаюы
- D) ағзаға қан ағып келуінің күшеюі
- E) қан айналымында бөгде заттардың болуы

8... ишемияға тән.

- A) Тіннің бозаруы
- B) Тіннің қызуының жоғарылауы
- C) Қан ағысының күшеюі
- D) Тіннің көгеруі
- E) Майда тамырлардың пульсациясы

9... артериялық және веналық гиперемияларға ортақ болып табылады.

- A) Ағзаның қанға толуының ұлғаюы
- B) Тін бөлігінің көгеруі
- C) Тін тургорының төмендеуі
- D) Тін бөлігінің қызуының төмендеуі
- E) Тіннің қызуының жоғарылауы

10. Геморрагиялық диатез ... көрінеді.

- A) қайта қансыраумен
- B) тромбозбен
- C) сладж-феноменімен
- D) тромбозбен
- E) ТҚШҰ-синдромымен

Жағдайлық есеп

56 жастағы ер адам тез шаршайтының, балтыр бұлшық еттерінің жүрген кезде ауырсынуы, журмеген кезде ауырсыну сезімі болмайды, аяқтарының ұйып қалуы және мұздауы.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 11 беті |

Тексерген кезде: аяқ басы кебу, мұздай, артерияда пульс анықталмайды.

Сұрақтар

1. Пациентте қандай шеткері қанайналымының бұзылыстары анықталады?
2. Пациентте қандай даму механизмдермен өтеді?
3. Пациентте қандай шеткері қанайналымының бұзылыстары анықталуы мүмкін?

№ 4 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Қабыну.

2. Мақсаты: негізін қабыну үдерісі құрайтын клиникасына және моделдеу жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері:

- қабыну үдерісі патогенезінің негізгі компоненттерді зерттеу;
- флогогенді факторлардың жіктелуін түсіндіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Қабыну этиологиясы.
2. Қабыну патогенезі.
3. Қабынудың биологиялық маңызы.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.


7. Бақылау

Сұрақтар


1. «Қабыну» түсінігінің сипаттамасы.
2. Қабыну этиологиясы. Флогогенді факторлардың жіктелуі.
3. Қабыну патогенезі, оның негізгі компоненттері.
4. Альтерация қабынудың бастапқы факторы ретінде.
5. Қабыну медиаторлары және олардың қабыну үдерісіндегі маңызы.
6. Қабыну ошағындағы физико-химиялық көріністері.
7. Қабыну ошағындағы қан тамырлық серпілістері.
8. Тамыр арнасынан форменді элементтердің шығуы және экссудациясы.
9. Экссудация үдерісінің сипаттамасы.
10. Қабыну ошағына лейкоциттер эмиграциясының тетіктері және сатылары.
11. Қабыну кезіндегі фагоцитарлық реакциясы.
12. Жіті және созылмалы қабыну патогенезінің ерекшеліктері.
13. Қабынудың биологиялық маңызы.

Тесттер

1. Қабынуды жиі шақыратын себептері ... факторлар болып табылады.
 - A) химиялық
 - B) биологиялық
 - C) физикалық
 - D) механикалық
 - E) термиялық
2. Қабынудың компоненттеріне ... жатады.
 - A) қабыну ошағындағы ацидоз, гиперосмия, гиперонкия
 - B) артериялық гиперемия, веноздық гиперемия, стаз

| | | |
|--|---|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | №81-11-2024 | |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | 36 беттің 12 беті | |

- С) альтерация, қан айналым бұзылыстары экссудациямен бірге, пролиферация
 Д) домбығу, қызару, қызметінің бұзылуы, ауырсыну, қабыну ошағында жергілікті температурасының көтерілуі
 Е) лейкоцитоз, ЭШЖ жоғарылауы, дене қызуының көтерілуі
3. Қабынудың бірінші сатысы ... болып табылады.
- А) альтерация
 В) лейкоциттер эмиграциясы
 С) фагоцитоз
 Д) экссудация
 Е) пролиферация
4. Қабыну – бұл
- А) дерттік үрдіс
 В) дерттік жағдай
 С) дерттік серпіліс
 Д) ауру
 аурудың белгісі
5. Қабынулық және аллергиялық ісінулердің дамуында ... жетекші рөлді атқарады.
- А) қантамырлар қабырғасының өткізгіштігінің жоғарылауы
 В) қанның онкотикалық қысымының жоғарылауы
 С) қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
 Д) лимфаның ағып кетудің қиындауы
 Е) веналық қысымының жоғарылауы
6. Қабынуды дамытатын ең жиі себепке ... факторлар жатады.
- А) биологиялық
 В) химиялық
 С) физикалық
 Д) механикалық
 Е) термиялық
7. Қабынудың компоненттері – бұл
- А) альтерация, экссудация және пролиферация
 В) артериялық гиперемия, веналық гиперемия және стаз
 С) ацидоз, гиперосмия және гиперонкия
 Д) домбығу, қызару, қызметтің бұзылуы, ауырсыну және қызуы
 Е) лейкоцитоз, ЭТЖ жоғарылауы және дене қызуының жоғарылауы
- 8... қабынудың бірінші сатысы болып табылады.
- А) Альтерация
 В) Лейкоциттердің эмиграциясы
 С) Фагоцитоз
 Д) Экссудация
 Е) Пролиферация
9. Қабынудағы біріншілік альтерацияны ... дамытады.
- А) флогеннің зақымдаушы әсері
 В) қабыну медиаторлары
 С) қабыну ошағындағы физика-химиялық өзгерістері
 Д) микроциркуляция бұзылуы
 Е) қабыну ошағында зат алмасу бұзылуы
 ... қабынудағы жергілікті ацидоздың патогенездік ықпалы болып табылады.

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 13 беті |

10. Зат алмасудың тотықпаған өнімдерінің жиналуы

- A) Артериялық гиперемия
- B) Тамыр өткізгіштігінің бұзылуы
- C) Лейкоциттер эмиграциясы
- D) Транссудация

Жағдайлық есеп

Екі жұмызшы медпунктке келіп автоклав авариясына балтырының күйікке ұшырағанын айтты. Шарттары – бастын ауруы, күйік орналасқан жерде – домбығу, ауырсыну. Тексергенде А. науқаста балтырының гиперемиясы, терісі домбыққан, ал Б. науқаста балтырының гиперемиясы, терісі домбыққан және таза сұйықтықпен толған көпіршік анықталды. Екі науқасқа науқастық қағаз берілді, ал олар емдеу шарттарын орындамаған.

3 күннен кейін А. пациент жағдайы қалпына оралды, ал Б. пациенттің жағдайы нашарлады: ісігі тарап кетті, көпіршіктің іші ірінді (бактериалды анализ өткізгенде – алтын стафилококк), дене температурасы 38,9°C.

Сұрақтар

1. Пациенттерде қандай дерттік үдеріс дамиды?
2. Бір фактормен шақырылған дерттік үдерістердің екі түрде өтуі неге байланысты?
3. Б. пациенттің симптомдарының даму тетіктері қандай?

№ 5 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Көмірсу алмасуының бұзылыстары. Су-электролит алмасуының бұзылыстары.

2. Мақсаты: көмірсу алмасуының бұзылыстарымен байланысты клиникалық және моделді жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету, су-электролит алмасуының бұзылыстарымен байланысты клиникалық және модельді жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- гипо- және гипергликемиялық жағдайлар дамуы тетітерің және себептерің зерттеу;
- қантты диабетінің клинико-патологиялық сипаттамасын беру;
- дайын зертханалық көрсеткіштері немесе қанның анализі негізінде қантты диабетінің түрін анықтау.
- су және электролит алмасуы реттелуінің механизмдердің бұзылыстарын зерттеу;
- сыртқы су балансының және ағзаның ішкі ортасында судың таралу бұзылыстары негізгі түрлерін сипаттау;
- дизгидрия жиі кездесетін көріністерінің этиология мен патогенезін түсіндіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Көмірсу сіңірілуі және гидролиз бұзылыстарының механизмдері және себептері.
2. Жасушалардың көмірсуды сіңіру бұзылыстарының механизмдері және себептері.
3. Қантты диабет.
4. Ағзада сыртқы су балансымен ішкі ортада судың таралу бұзылыстарының себебі.
5. Су-электролит алмасуының бұзылыстарының негізгі түрлерінің этиология мен патогенезі.
6. Ағзада су және электролит алмасуы бұзылыстарының метаболизмдік және функционалдық ауытқулары.

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 14 беті |

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.


7. Бакылау

Сұрақтар

1. Көмірсу сіңірілуі және гидролиз бұзылыстарының механизмдері және себептері.
2. Ағза жасушаларының көмірсуға толеранттылығы.
3. Жасушалардың көмірсуды сіңіру бұзылыстарының механизмдері және себептері.
4. Гипергликемия, түрлері.
5. Гипогликемия, себептері.
6. Қантты диабет, клиничко-патологиялық сипаттамасы.

Тесттер

1. Ұйқы безінен тыс инсулиндік жеткіліксіздік ... болуы мүмкін.
 - A) ұйқы безінің өспелік зақымдануынан
 - B) қанның протеолиздік ферменттерінің концентрациясының жоғарылауынан
 - C) панкреатиттен кейін
 - D) Лангерганс аралшықтары аймағында қан айналымның бұзылуынан
 - E) Лангерганс аралшықтарының бета-жасушаларына аутоантиденелердің түзілуінен
2. Инсулиннің бездік жеткіліксіздігі ... дамиды.
 - A) инсулиннің қандағы антиденелермен бөгелуінде
 - B) инсулиннің плазма нәруыздарымен берік байланысуында
 - C) Лангерганс аралшығының β -жасушаларының бұзылуында
 - D) контринсулиндік гормондардың артық түзілуінде
 - E) инсулиназаның жоғары белсенділігінде
3. Диабеттік синдромның бастапқы симптомы ... болып табылады.
 - A) полифагия
 - B) полиурия
 - C) глюкозурия
 - D) полидипсия
 - E) гипергликемия
4. Қантты диабет кезінде көмірсу алмасудың бұзылыстары ... анықталады.
 - A) гипергликемиямен
 - B) гипернатриемиямен
 - C) гиперлипидемиямен
 - D) бауырда гликогеннің жиналуының күшеюімен
 - E) бауырда гликогеннің жетіспеушілігімен
5. Қантты диабет кезінде глюкозурияны ... туындатады.
 - A) гипергликемия
 - B) кетонемия
 - C) гиперлипидемия
 - D) полиурия
 - E) гиперлактатацидемия
6. Гликогенозда ... байқалады.
 - A) бауырда гликогеннің көптеп жиналуы
 - B) гипергликемия

| | | |
|---|--|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 15 беті |

- С) бауырда гликогеннің азаюы
 Д) инсулин жеткіліксіздігі
 Е) бауырда инсулиназа белсенділігінің жоғарылауы
7. Қантты диабеттің алғашқы сатысындағы полиурияның себебі ... болып табылады .
 А) глюкозурия
 В) микроангиопатия
 С) кетонурия
 Д) гипостенурия
 Е) шөлдеу және полидипсия
- 8... жіті гипогликемияның себебі болып табылады.
 А) Инсулиннің артық мөлшері
 В) Инсулинома
 С) Гликогеноздар
 Д) Бүйрек үсті бездерінің созылмалы жеткіліксіздігі
 Е) Ашығу
9. Гипогликемия ... кезінде байқалады.
 А) ашығу
 В) инсулиннің жеткіліксіздігі
 С) стресс
 Д) инсулин рецепторларының бөгелуі
 Е) инсулиназа белсенділігінің жоғарылауы
10. Бауырда гликогеннің қоры ... кезінде ұлғаяды.
 А) гликогеноз
 В) қантты диабет
 С) гипоксия
 Д) ауыр дене жұмысы
 Е) ашығу

Жағдайлық есеп

60 жастағы пациент М. ессіз күйінде қабылдау бөліміне жеткізілді.

Объективті: үстіртін тыныс, ПЖ – 96 соққы/мин, АҚ – 70/50 с.б.б., кейде аяқ-қолының тырысуы байқалады.

Сараптамаларында: гипергликемия 33 ммоль/л, гиперазотемия, гипернатриемия, рН – 7,32.

Сұрақтар


1. Пациентте қандай жағдай дамиды?
2. Оның дамуының механизмдері қандай?

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Ағзада сыртқы су балансымен ішкі ортада судың таралу бұзылыстарының себебі.
2. Ісінудің патогенездік факторлары және Старлинг заңы.
3. Ағза ішкі ортасында Na^+ , K^+ , Ca^{2+} , Mg^{2+} иондарының құрамы бұзылыстарының негізгі механизмдері және шақыратын себептері.
4. Су-электролит алмасуының бұзылыстарының негізгі түрлерінің этиология мен патогенезі.

| | | |
|--|---|---|
| OÑTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 16 беті |

5. Ағзада су және электролит алмасуы бұзылыстарының метаболизмдік және функционалдық ауытқулары.

Тесттер

1. Ісіну – бұл

- A) жасуша ішілік сұйықтың артуы
- B) серозды қуыстарда сұйықтың жиналуы
- C) лимфа түзілуі артуы
- D) тамыр ішілік сұйықтың артуы
- E) тіндер мен тінаралық кеңістіктерде сұйықтық жиналуы

2. Ісінулер дамуында ... жағдай жасайды.

- A) АДГ мен альдостеронның түзілуінің жоғарылауы
- B) қанда альбуминдердің құрамының жоғарылауы
- C) лимфа тамырлармен интерстицияның дренажы күшеюі
- D) антидиурездік гормонның өндірілуінің төмендеуі
- E) тамыр кемерлері өткізгіштігінің төмендеуі

3. Жүректік ісінудің негізгі патогенездік факторы ... болып табылады.

- A) веноздық қысымының жоғарылауы
- B) тіннің колоидты-осмостық қысымының жоғарылауы
- C) тамыр қабырғасы өткізгіштігінің жоғарылауы
- D) қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
- E) лимфа ағымының төмендеуі

4 ... ісінудің патогенездік факторы болып табылады.

- A) Ұлпалардағы осмостық және онкотикалық қысымның жоғарылауы
- B) Қанның гидростатикалық қысымының төмендеуі
- C) Тамыр қабырғасының өткізгіштігінің төмендеуі
- D) Қанның онкотикалық қысымының жоғарылауы
- E) Альдостерон түзілуінің төмендеуі

5. Бауырлық ісінулердің дамуында ... жетекші рөлді атқарады.


- A) қанның онкотикалық қысымының төмендеуі
- B) қантамырлар қабырғасының өткізгіштігінің артуы
- C) қанның онкотикалық қысымының жоғарылауы
- D) лимфа ағысының төмендеуі
- E) қанның веналық қысымының жоғарылауы

6 ... ісінудің қорғану-бейімделу қасиеті болып табылады.

- A) Қанды уытты заттардан тазарту
- B) Жүйке талшықтарын қысу
- C) Қоректенуді бұзу
- D) Ұлпаны зақымдау
- E) Токсиндерді аккомодациялау

7... веналық гиперемияға тән болып табылады.

- A) Цианоз және ісінулер
- B) Тіннің қызуының жоғарылауы
- C) Тіннің қызаруы
- D) Тіннің көлемінің кішіреюі
- E) Тіннің көгеруі

| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 17 беті |

Жағдайлық есеп

3. 40 жасар пациент шағымдары – ентігу, он жақтағы қабырға астының ауырсынуы.

Объективті: беті домбыққан және бозарған. Жүректің солға және оңға шекарасының 2 см кеңеюі, тамыр соғу жиілігі – 100 соққы/мин, жүрек үндері саңырау, өкпеде – майда көпіршікті сырыл, тыныс алу жиілігі 26 мин, мойын тамырларының домбығуы, бауырдың 3 см қабырғалық доғадан шығуы, аяқтарының бозаруы.

Сұрақтар

1. Пациентте қандай жағдай дамиды?
2. Оның даму тетіктері қандай?

№ 6 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Гипоксия. Қызба.

2. Мақсаты: гипоксиялық жағдаймен қызбаның дамуымен байланысты аурулар және дерттік үдерістердің патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- табиғаты әр түрлі гипоксиялардың даму механизмдерін зерттеу;
- гипоксияға ағзаның жедел және ұзақ уақыттық адаптациясының механизмдерін сипаттау;
- қызбаның негізгі сатыларын зерттеу.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Біртектес дерттік үдерістер ретінде гипоксияның жалпы сипаттамасы.
2. Қызбаның этиологиясы.
3. Қызбаның патогенезі.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар


1. Біртектес дерттік үдерістер ретінде гипоксияның жалпы сипаттамасы, жасушаның тіршілігінде оттегіге тәуелді үдерістердің маңызы.
2. Гипоксияның негізгі түрлері және гипоксиялық жағдайлар жіктелуінің критерийлері.
3. Гипоксия негізгі түрлерінің клиникалық-патологиялық сипаттамасы.
4. Жіті гипоксиялық жағдайда ағзадағы метаболизмдік, морфологиялық және функционалдық бұзылыстары.
5. Ағзадағы гипоксияда компенсация және адаптация тетіктері.
6. Қызба түсінігіне анықтама бер.
7. Қызбаның этиологиясы.
8. Қызбаның патогенезі.
9. Қызбаның сатылары.
10. Қызбаның түрлері.

Тесттер

1. Гипоксия – бұл
 - A) дерттік серпіліс
 - B) дерттік жағдай
 - C) біртектес дерттік үдеріс



- Д) ауру
 Е) симптомокомплекс
2. Экзогендік нормобариялық гипоксия ... пайда болады.
 А) желдетілмеген бөлмеде болғанда
 В) барометрлік қысым жоғарылағанда
 С) барометрлік қысым төмендегенде
 Д) ауада pO_2 жоғарылағанда
 Е) тауға шыққанда
3. Қызбаның бірінші сатысында ... байқалады.
 А) жылу шығарудың азаюы мен жылу өндірудің күшеюі
 В) жылу өндіру мен жылу шығарудың күшеюі
 С) жылу өндіру мен жылу шығарудың азаюы
 Д) жылу шығарудың өзгермеуі, жылу өндірудің күшеюі
 Е) жылу өндірудің азаюы жылу шығарудың күшеюі
4. Қызба кезіндегі химиялық термореттеу тетіктеріне ... жатады.
 А) жылу өндірілуінің жоғарылауы
 В) жылу шығарудың төмендеуі
 С) жылу шығарудың өзгермеген жағдайда жылу өндірілуінің жоғарылауы
 Д) жылу өндірілуінің төмендеуі
 Е) конвекцияның төмендеуі
5. Қызба ... болып табылады.
 А) біртектес дерттік үдеріс
 В) дерттік жағдай
 С) ауру
 Д) дерттік серпіліс
 Е) ауру асқынуы
6. Қызбаның бірінші сатысында температураның тез көтерілуі ... қабаттасады.
 А) бұлшық ет дірілі және қалтыраумен
 В) терінің қызаруымен
 С) тахипноэмен
 Д) қан қысымының төмендеуімен
 Е) терлеудің күшеюімен
7. Қызбаның үшінші сатысында жылу шығарудың жоғарылауы ... байланысты.
 А) тер бөлінудің күшеюімен
 В) тер бөліну үдерістерінің басылуымен
 С) зат алмасуыдың күшеюімен
 Д) вазоконстрикциямен
 Е) артериялық қысымның жоғарылауымен
8. Қызбадағы дене температурасының кризистік түсуі ... қауіпті.
 А) коллапс дамуымен
 В) гипергидратация дамуымен
 С) жүрек жиырылуының жиілеуімен
 Д) қан қысымының артуымен
 Е) асқазан ішек жолының күшеюімен
9. Қызба кезінде ... көтерілген температура суббуфебрильдік деп аталады.
 А) 37-38 градусқа дейін
 В) 39-41 градусқа дейін

| | | |
|--|--|---|
| ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Морфологиялық пәндер» кафедрасы | | №81-11-2024 |
| «Жалпы патология» пәні бойынша симуляциялық сабаққа арналған әдістемелік ұсыныстар | | 36 беттің 19 беті |

- С) 41 градустан жоғары
- Д) 38-39 градуска дейін
- Е) 42 градустан жоғары

Жағдайлық есеп

Екі жұмызшы медпунктке келіп автоклав авариясына балтырының күйікке ұшырағанын айтты. Шарттары – бастын ауруы, күйік орналасқан жерде –домбығу, ауырсыну. Тексергенде А. науқаста балтырының гиперемиясы, терісі домбыққан, ал Б. науқаста балтырының гиперемиясы, терісі домбыққан және таза сұйықтықпен толған көпіршік анықталды. Екі науқасқа науқастық қағаз берілді, ал олар емдеу шарттарын орындамаған.

3 күннен кейін А.пациент жағдайы қалпына оралды, ал Б. пациенттің жағдайы нашарлады: ісігі тарап кетті, көпіршіктің іші ірінді (бактериялды анализ өткізгенде – алтын стафилококк), дене температурасы 38,9°C.

Сұрақтар

1. Пациенттерде қандай дерттік үдеріс дамиды?
2. Екі пациенттің дерттік үдерісі екі түрде өтуі неге байланысты?
3. Б. пациенттің симптомдарының даму механизмі қандай?

№ 7 Симуляцилық сабақ

1. Тақырыбы: Аллергия.

2. Мақсаты: аллергиялық серпілістердің дамуымен байланысты клиникалық және модельді жағдайларының патологиялық талдауды жүргізуді үйрету.

3. Оқыту міндеттері

- аллергиялық серпілістердің себебі және даму механизмдерін зерттеу;
- аллергиялық серпілістердің жіктелуін зерттеу;
- жедел дамиды және баяу дамиды аллергия түрлерін анықтау ұстанымдарын сипаттау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Аллергия туралы түсінік.
2. Аллергиялық серпілістердің түрлері.
3. Аллергендер туралы түсінік.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жағдайлық есептерді шешу, ауызша сұрау, тестілеу.

6. Әдебиет: № 1 қосымшаны қараңыз.

7. Бақылау

Сұрақтар

1. Аллергия туралы түсінік, жалпы сипаттамасы.
2. Аллергиялық серпілістер, түрі, жіктелуі, сипаттамасы.
3. Аллергендер туралы түсінік. Сенсбиализация.
4. Жедел дамиды аллергия түрі, сенсбиализация механизмдері.
5. Жедел дамиды түрі бойынша аллергиялық аурулар туралы түсінік.
6. Баяу дамиды түрі бойынша аллергиялық аурулар туралы түсінік.
7. Ағзаның аутоаллергиялық жағдайлары туралы түсінік.

Тесттер

1. Джелл мен Кумбс бойынша аллергиялық серпілістердің жіктелу негізінде ...

жатады.

- A) аллергиялық серпілістердің патогенезі
- B) аллергиялық серпілістердің клиникалық көрінісінің пайда болу уақыты
- C) аллергиялық серпілістердің этиологиясы
- D) аллергиялық серпілістердің ауырлық дәрежесі
- E) клиникалық көріністерінің сипаты

2. Аллергиялық серпілістердің патологиялық сатысы ... сипатталады.

